

С.И.И.И.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Еркетай» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: (03.04-07.04), **Сәуір айы** **2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.04	Сейсенбі 04.04	Сәрсенбі 05.04	Бейсенбі 06.04	Жұма 07.04
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы, көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (* сөйлеуді дамыту-көммуникативті іс –әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д\О: «Не жоқ?» Мақсаты: Балаларға киіз үйдің бөлшектерін атап, естерінде сақтауға үйрету. (*математика негіздері, танымдық-коммуникат-тік іс-әрекет) Еркін ойындар ойнау.	Д\О:«Үй жануарлары» Мақсаты:балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. (*көркем әдебиет коммуникативтік іс–әрекет) Еркін ойындар	Д\О: «Жайлауда» Мақсаты:балаларды жайлаудағы тіршілікпен таныстыру. Жайлаудағы табиғат-ерекшкліктерін айтқызу. (*көркем әдебиет, қарым-қатынас, қоршаған ортамен танысу-танымдық іс-әрекет) Еркін ойындар	Д\О:« «Не, қалай көректенеді» Мақсаты: Жануарлардың қоректену ерешеліктері туралы түсініктерін молайту. (*қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Еркін ойындар	Д\О: «Кеңістік» Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. (*математика негіздері, танымдық ойын) Еркін ойындар
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар (**қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары				

Таңғы ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз М. Жаманбадиев "Екі қол". Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз) Келе қалды балақан. Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз) Алақанды алақан. Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) «Тап-таза» деп қуанды. Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету. (*сөйлеуді дамыту ,коммуникативтік іс –әрекет).				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қ\О: «Бақалар» Мақсаты: шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу.	Музыка . (Маманы жоспарына сай)	Дене шынықтыру Қ\О: « Ит пен қоян» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	Дене шынықтыру Қ\О. «Допты қуып жет» Мақсаты:балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүтіруге баулу.. (ойын, қимыл-қозғалыс)	Қазақ тілі Д\О: «Жануарларды қалай күту қажет?» Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету.
2 таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Картотека №1	Картотека №2	Картотека №3	Картотека №4	Картотека №5

Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар ,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары)				
Түскі ас	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (**** тыныш музыка тыңдау). «Ақылды егінші» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (***сөздік қор)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, **дене белсенділігі)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Балалардың дербес іс- әрекеті	Д\О:«Бағдаршам» Мақсаты:Түстер туралы, жол қауіпсіздігі туралы мағлұматтар беру. (*қоршаған ортамен танысу- танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) С.Р.О:«Аурухана» Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір	Д\О:«Не артық» Мақсаты: Ағаштар туралы білімдері қалыптасып, табиғатқа қамқорлықжасауға үйренеді. (*сурет салу, жапсыру (шығармашылық – зерттеушілік қызмет) Д\О: «Сән ательесі» Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атауды үйрету. әрі қарай толықтыру. (*көркем әдебиет қарым-қатынас,)	Д\О:«Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру (*математика негіздері- ойын,танымдық, коммуникативтік іс- әрекет) С.Р.О: «Отбасы» Ойында әлеуметтік ортадағы шынайы оқиғаларды көрсете білуді, отбасы - бірге тұратын адамдар	Д\О: «Шатаспақ» Мақсаты: Сурет бойынша жануарлардың басын орналастыру ,ойлау қабілеттерің дамыту. (*қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) Д\О: «Менің үйім» Мақсаты: үй туралы білімдерін қалыптасып, үй құрылысымен таныстыру . (*мүсіндеу шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет)	Д\О:« Көліктің дөңгелектері » Мақсаты: Түстерді ажыратады. Көліктің бөлшектері мен танысады. (*жапсыру- шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет) Д\О:«Аңдар жүрісі» Мақсаты:Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. (*қоршаған ортамен танысу- танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)

	ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. (коммуникативтік дағды).		туралы ұғымды қалыптастыру, жақын адамдарына қамқорлық көрсету талабын дамыту, өзінің отбасын мақтаныш тұту сезімін дамыту, өзінің отбасы туралы білімін тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын белсендіру (*қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)		
Балалармен жеке жұмыс	Есетбаева Айзере дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады.	Асланұлы Муслим бірлескен қимылды ойындарға қатысады.	Мұрат Әлішер кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады.	Ниетуллаева Айзере біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді.	Мұхамбет Әли қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (*сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары)				
Серуен	Жұмбақ. Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап Бұл не? (Ағаш)	Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз (*көркем әдебиет)	Қ\О: «Тақия тастамақ» Мақсаты: балалардың зейінін дамыта отырып, жылдамдыққа үйрету.	Тақпақ. Көк орманда көп ағаш, Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше, Құс ұясы бар ағаш (*сөйлеуді дамыту)	Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. (*қоршаған ортамен танысу)
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау. мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Кешкі ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.
Балалардың дербес іс -әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Еркін ойындар ойнау.
Балалардың үйге қайтуы	Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

С.И.И.

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Еркетай» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: (10.04-14.04) Сәуір айы. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.04	Сейсенбі 11.04	Сәрсенбі 12.04	Бейсенбі 13.04	Жұма 14.04
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу (* сөйлеуді дамыту,-көммуникативтті іс –әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбек. Мақсаты: Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	Д\О:« Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (*математика негіздері, танымдық ойын) Еркін ойындар	«Мозаика» ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (*математика негіздері ,құрастыру)	Д\О: «Сиқырлы сурет» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. (*құрастыру- шығармашылық ойын.) Еркін ойындар	Д\О: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. (*қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Еркін ойындар
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар. Тұру, жүру,жүгіру түрлері. (**қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен:				

	Таңертең де, кеш те де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар мезгілде, Су мен сабын - бір жолдас, Жоймас олар кір қоймас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, *көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу. (*қоршаған ортамен танысу, *сөйлеуді дамыту, ***сөздік қор)				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Ұлттық ойын: «Қыз қуу» Мақсаты: Балаларды қимылды ойын түрімен таныстыру. (ойын, қимыл-қозғалыс)	Музыка . (Маманы жоспарына сай)	Дене шынықтыру Қ\О: «Аю» Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, алғырлыққа баулу.	Дене шынықтыру Қ\О: «Кептерді қуып жет» Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, қызығыа ойнауға баулу.	Қазақ тілі Д\О:«Жыл құстары» Мақсаты:Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру
2 таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға киімдерін ретімен кию керек екенін түсіндіріп, дұрыс киінгендерін қадағалау. Ойыншықтарын алып шығу				
Серуен	Картотека №6	Картотека №7	Картотека №8	Картотека №9	Картотека №10
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, жаңылтпаштар айту. т.б.Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (***сөздік қор, ойын әрекеті).				
Түскі ас	Балалардың назарын асқа аудару; тамақ мәзірімен таныстыру; мәдениетті тамақтануға баулубойынша жұмыс				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (**** тыныш музыка тыңдау).				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. (**дене белсенділігі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс- әрекеті	Д\О:« Өз үйінді тап » Мақсаты:Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. (*қоршаған ортамен танысу- танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) Еркін ойындар	Д\О:« Киіндіреміз » Мақсаты: Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету. (*қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) Өз еріктерімен ойындар ойнау.	Д\О:« Өз ұяшығын тап » Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. (*математика негіздері- ойын, танымдық, коммуникативтік іс-әрекет) Өз бетінше ойындар ойнау.	Д\О: « Ұшақ » (заттық мүсіндеу) Мақсаты:Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады (*мүсіндеу шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет) Еркін ойындар	Д\О: « Дөңгелектер » Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. (*құрастыру, мүсіндеу, шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет) Еркін ойындар
Балалармен жеке жұмыс	Сайын Ұлжан заттарды мүсіндеуге қызығады.	Марат Айша сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі.	Бекболат Нұрислам жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі.	Нұржан Ағзам құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.	Кенжеғали Махаббат тең және тең емес заттар тобын салыстырады.
Серуенге дайындық	Серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру				
Серуен	Қ\О:«Өз үйінді тап» Мақсаты: Түстерді ажыратуға	Қ\О: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды алғырлыққа,	Қ\О:«Заттардың арасымен» Мақсаты: Кеглилер, текшелер және басқа да	«Жыл мезгілдері» Тақырыбында әңгімелеп, ойын жеткізе алады.	Қ\О:«Қыран» Мақсаты: Баланы шапшаңдыққа, ептілікке және мұқият

	жаттықтыру; қабылдауын дамыту.	қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу.	заттардың арасынан допты домалатуды үйрету		тыңдай білуге үйрету.
Серуеннен оралу	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Кешкі ас	«Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз.Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс -әрекеті	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы	Өңгімелесу: «Бала неге өзімшіл?». Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.				

С.И.И.И.

С.И.И.И.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Еркетай» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: (17.04-21.04) Сәуір айы 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.04	Сейсенбі 18.04	Сәрсенбі 19.04	Бейсенбі 20.04	Жұма 21.10
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы, көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (* сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д\О: «Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. (*құрастыру, танымдық ойын) Еркін ойындар	Д\О: «Жақсы» мен «Жаман» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен олардың олардың қолдануға үйрету. (*сөйлеуді дамыту - коммуникативтік іс-әрекет) Еркін ойындар	Д\О: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. (*көркем әдебиет, қарым-қатынас, қоршаған ортамен танысу-танымдық іс-әрекет) Еркін ойындар	Д\О: «Құйыршығын тап!» Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейеді (*мүсіндеу шығармашылық ойын.) Еркін ойындар	Д\О: «Артық зат» Мақсаты: ойлау қабілеттерін, қол моторикаларын дамыту. (*математика негіздері, танымдық ойын) Д\О: «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір

					сөзбен ойлана отырып шеше алады. Тапқырлыққа үйренеді. (*қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар (*қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тыныс алу жаттығулары				
Таңғы ас	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады. «Кім шапшаң» Мақсаты: Балалар топтасып ойнай алады (*сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс –әрекет).				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қ/О:«Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Шапшаңдық пен мұқияттылыққа тәрбиелеу	Музыка . (Маманы жоспарына сай)	Дене шынықтыру Қ/О: «Кеглиді көзде» Мақсаты: Балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.	Дене шынықтыру Қ/О:«Допты тордан лақтыр» Мақсаты:Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке , шапшаңдыққа үйрету (ойын, қимыл-қозғалыс)	Қазақ тілі Д/О:«Ойлан да аяқта» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.
2 – ші таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу.				
Серуенге дайындық	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.				
Серуен	Картотека №11	Картотека №12	Картотека № 13	Картотека №14	Картотека №15
Серуеннен оралу	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.				

	Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.(мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ас	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау,«Жақсы жатып, жайлы тұр!» (**** тыныш музыка тыңдау).
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда төсектен бірден тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. Балалар төсекте шалқасынан жатып (арқамен), қолдарын қасына созады, еркін тыныс алу. Ортопедиялық жолдармен жүру.(**дене белсенділігі)
Бесін ас	Сабынды көпіртіп алып, қолды мұқият жуып-шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.

Балалардың дербес іс- әрекеті	Д\О: «Бұл қандай құс?» Мақсаты: Белгілі бір ерекшелігіне қарай құстарды суреттей алады. (*қоршаған ортамен танысу- танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)	Д\О:«Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту. (*көркем әдебиет, қарым-қатынас,)	Д\О:«Жоғарыда- төменде» Мақсаты: Жоғары– төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. (*математика негіздері- ойын, танымдық, коммуникативтік іс- әрекет)	Д\О:«Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. (*мүсіндеу шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет) Д\О: «Құстарға қалай көмектесеміз?» Мақсаты:Құстар туралы жалпы түсінік қалыптасқан, құстардың бейнесін сипаттауға үйренеді (*қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)	Д\О:«Не артық» Мақсаты: ағаштар туралы білімдері қалыптасып, табиғатқа қамқорлық (*жапсыру, шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет)
Балалармен жеке жұмыс	Нұрболат Жігер топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез- құлық ережелерін сақтайды.	Сұлтан Айша затты өлшеміне қарай салыстырады.	Асланұлы Муслим сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі.	Мұрат Әлішер мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады.	Әлімбай Еркеназ ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады.
Серуенге дайындық	«Тіл алғыш түймелер мен баулар» Мақсаты:өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Сөздік ойын «Жаңылтпаш» Мақсаты:	Сөздік жаттығуы. «Төлдерін ата» МақсатыБір үстелде	Қ\О:«Балапандар мен мысық» Бастапқы қозғалыс:	«Ақсерек –көксерек» ойыны Мақсаты: Балалардың	Қ\О: «Аюлар мен аралар» Мақсаты:

	Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру. (*сөйлеуді дамыту)	отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері ұсынылады, әрбір бала жабайы аңды және оның төлін айтады. (***сөздік қор)	Жай жүріс, жүгіру. Ойынға түсініктеме: Балалар тәрбиешімен бірге мысыққа жақындап Мыс-мыс-мысығым, Қандай күшті пысығым. Пеш үстінде ұйықтайды, Көзін қатты қыспайды. Балапанды ұстайды? Мысық: Мяу! Деп балаларды қуа жөнеледі .	жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру.	Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауды үйрету, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар, *сөйлеуді дамыту, *көркем сөзді қайталау)				
Балалардың дербес іс- әрекеті	Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткізілген әндерді қайталау. Аңдардың жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалыстарын көрсету. (**музыка)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру. Төлемақыны уақытында төлеуді ескертіп жіберу. Балалардың үйге сұрануы.				

С.И.И.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Еркетай» ортаңғы тобы.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: (24.04-28.04) Сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.04	Сейсенбі 25.04	Сәрсенбі 26.04	Бейсенбі 27.04	Жұма 28.04
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (*сөйлеуді дамыту-көммуникативті іс –әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д\О: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. (*көркем әдебиет коммуникативті к іс–әрекет)	Д\О: «Біреу-көп» Мақсаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру.Тапсырмалар - ды орындау,ойлау қабілеттерін дамыту. (*математика негіздері, танымдық ойын) Д\О:« Кімге не керек?» Мақсаты: Мамандық иелерімен танысады, әр мамандықтың қажеттілігін түсінеді. Адам еңбегін бағалауға үйренеді (*қоршаған ортамен	Д\О:«Бір сөзбен ата» Мақсаты: Әрбір карточкада бейнеленген ортақ сөзбен атауға үйрету. (*сөйлеуді дамыту коммуникативтік іс–әрекет)	Д\О: «Дөңгелек» Мақсаты: Шығармашылыққа деген қызығушы-лықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру (*мүсіндеу шығармашылық ойын.) Еркін ойындар	Д\О: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. (*математика негіздері, танымдық ойын) Еркін ойындар

		танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)			
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (**қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. Жеке заттарды қолдану (орамал, тарақ) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, Көркем сөз Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлемей іш тамақты, тарсылдатпа табақты. (мәдени-гигиеналық дағдылар) (**сөздік қор)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуен жазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен Күннің көзі – нұр көктем. (*сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» (ойын, қимыл-қозғалыс)	Музыка . (Маман жоспарына сай)	Дене шынықтыру Қ\О: «Қояндар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Қ\О:«Ұя» Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке , зейінділікке баулу.	Қазақ тілі Д\ О:«Атын ата» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.
2 таңғы ас	Балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, аландамау. Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу.				

	«Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!» (** мәдени-дағдылар).				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Картотека №16	Картотека №17	Картотека № 18	Картотека №19	Картотека №20
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау (**** тыныш музыка тындау). Кітап, журналдар оқып беру (*көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру.Жалпақ табандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау (**дене белсенділігі)				
Бесін ас	«Ас қайтаруды» үйрету. (**сөздік қор)				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Д\О: « Есіңе сақта» Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әрқайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларын, аңдарды және құстардың жалпы аттарын айтқызу.	Д\О: «Жасырынған жануарларды тап» Мақсаты: үй жануарлар туралы түсінік қалыптасады, жануарларға қамқорлық танытуды біледі. (*жапсыру, шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет)	Д\О: «Біздің көңіл - күйіміз» Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс (**сөздік қор, қарым-қатынас)	Д\О: «Қайсысы қайда тіршілік етеді» Мақсаты:жануарларды ұқсас белгілеріне қарай таба алады,тіршілік орындарын атап ажырата алады. (*қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет)	Д\О:«Артық зат» Мақсаты: ойлау қабілеттерін, қол моторикаларын дамыту. (*математика негіздері- ойын,танымдық, коммуникативтік іс-әрекет)

	(*көркем әдебиет қарым-қатынас,)				
Балалармен жеке жұмыс	Нияз Гүлайым естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады:	Нұржан Ағзам қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді кейбіреуін айтады.	Есетбаева Аяулым тең және тең емес заттар тобын ішінара салыстырады.	Бекболат Нұрислам пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген.	Мұхамбет Әли қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі.
Серуенге дайындық	Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру				
Серуен	Ойын жаттығулары: «Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. (*көркем әдебиет)	Жұмбақ. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде, Өңі кірер даланың. (Жаңбыр.)	Қ\О:«Тышқан мен мысық» Мақсаты: балаларды шапшандыққа, байқағыштығын, зейінін дамыту.	Қ\О: Қасқырлар мен лақтар » Мақсаты:Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Қ\О: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі (*сөйлеуді дамыту)				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.				

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». Балалардың үйге сұрануы.
-------------------------------	---